



2017 жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 2017 г.

№ _____

12.12.2017-ғы № 23-9/3102 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
К.И. Мұсырманға**

2017 жылғы 16 қарашадағы
№ ДС-279 сауалға

Құрметті Кәрібай Иманжанұлы!

Мемлекеттік архивтердің ғимараттарын Ішкі істер органдары Мемлекеттік күзетуі тиіс объектілердің тізбесіне (*бұдан әрі – Тізбе*) енгізуге қатысты Сіздің депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

Құқық қорғау жүйесін реформалау және жаңғырту шеңберінде 2010 жылы Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлықты қабылдады.

Аталған Жарлықты іске асыру үшін аса маңызды стратегиялық объектілерді күзетуді қоспағанда, ішкі істер органдарының күзет қызметі жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін бәсекелестік ортаға беру жүзеге асырылды.

Аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер мен стратегиялық маңызы бар экономика саласының объектілерін күзету ішкі істер органдарында заңды сақталған, оларды іріктеу өлшемшарттары Үкіметтің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Қағидалармен (*бұдан әрі – Қағидалар*) айқындалған.

Қағидаларда айқындалған өлшемшарттарға және ІІО мамандандырылған күзет бөліністерінің штаттық санына жүргізілген талдауға сәйкес бәсекелестік ортаға 413 объекті (*аудандық әкімдіктер, әуежайлар, музейлер, автомобиль мен теміржол көпірлері және басқа объектілер*), оның ішінде мемлекеттік архивтердің 45 ғимараты бәсекелестік ортаға берілді.

Жоғарыда аталған объектілердің күзетін жеке күзет ұйымдарының күшімен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен 2014 жылдан бастап 2016 жылға

дейінгі кезеңде нысаналы трансферттер шеңберінде шамамен 5 млрд. теңге бөлінді.

Қазіргі уақытта ішкі істер органдарының есебінде 4 мыңнан астам жеке күзет ұйымы (99 968 жұмыскер) тұр, олар 87 683 объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

«Күзет қызметі туралы» Заңда жеке күзет ұйымдары қызметінің құқықтық негіздері белгіленген, олардың мәртебесі мен өкілеттігі айқындалған, сондай-ақ күзет қызметін жүзеге асыру кезінде теріс пиғылды іс-әрекеттерден мемлекеттік кепілдіктер және күзет ұйымдарының қызметкерлері мен басшыларына қойылатын шектеулер көзделген.

Сонымен қатар, Үкіметтің 2002 жылғы 5 сәуірдегі № 407 қаулысымен Күзет қызметі субъектілері жұмыскерлерінің пайдалануына арналған арнаулы құралдардың тізбесі бекітілген.

Бұл ретте ішкі істер органдары жеке күзет ұйымдарымен құқық бұзушылықтардың алдын алу және анықтау бойынша тығыз іс-қимыл жасасуды қамтамасыз етуде. Айталық, олардың қатысуымен соңғы 3 жылда 2 мыңнан астам қылмыс ашылды, 32 мыңның үстінде әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, сондай-ақ шамамен 5 мың ұрлық пен құқық бұзушылықтың жолы кесілді.

Сонымен бірге, Үкімет басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың «Қазпошта» АҚ, музейлер, ауыз сумен жабдықтау және басқа да объектілерді полиция күзетімен қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарымен бірге мемлекеттік архивтерді Тізбеге енгізу мәселелерін бірнеше рет қарағанын атап өту керек.

Оларды шешу үшін қосымша бюджеттік қаражат бөле отырып, ішкі істер органдарының штаттық санының лимитін арттыру қажет, бұл Мемлекет басшысы 2018 жылдың соңына дейін белгілеген мораторийге қайшы келеді.

Бұл ретте қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің ықшам мемлекеттік аппарат қалыптастыру және бюджеттік шығыстарды азайту туралы тапсырмаларын іске асыру мақсатында мемлекеттік органдардың санын оңтайландыру, оның ішінде мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар Ішкі істер министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 2018 жылдың ішінде тиісті объектілерге кешенді талдау және комиссиялық тексерістер жүргізіп, олардың нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен басымдылығы және заңнамада белгіленген өлшемшарттар ескеріле отырып бірқатар объектілерді Тізбеге енгізу мүмкіндігін қарау туралы тапсырма берілді.

